

ПАРЕМИЯЛАРДЫҢ НОМИНАТИВТІК МАҒЫНАСЫНА ҚАРАЙ ТАЛДАНУЫ

Қарсыбекова Шолпан Пернеқызы
*Филология ғылымдарының кандидаты,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті
Түркістан, Қазақстан;
e-mail: Sholpan Karsybekova@ayu.edu.kz.*

Жаңаберген Айжан,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің студенті

Кез келген тілдік құбылыстың соның ішінде тұрақты тіркестердің табиғатын оның тілдік заңдылықтарына ғана емес, сонымен бірге халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына байланысты да қарастырған жөн. Осыған орай, халықтың ғасырлар бойы сақталған салт-дәстүрін, рухани өмірін, ұлттық болмысқа тікелей қатысты байырғы сөз қазынасын қайта түрлендіруде ерекше орын алатын тіл білімі саласының бірі – этнолингвистика болып табылады.

Жалпы тіл білімінде этнолингвистика саласы теориялық тұрғыдан көптен белгілі. Қазақ тіл білімінде 1970 жылдан бері академик Ә.Қайдардың бастауымен [1], тілші-ғалым Е.Жанпейісовтың еңбектерімен [2] этнолингвистика саласының мақсат-мүдделері айқындалып, зерттеле бастады. Сонымен бірге этнолингвистика ғылымының қалыптасу тарихын арнайы сөз ететін М.М.Копыленко монографиясының орны да айрықша [3].

Ерекше атап өтетін нәрсе қазақ тіл білімінде қазақ этнолингвистикасының негізін салушы Ә.Қайдардың ұсынған (“Адам”, “Қоғам”, “Табиғат”) негізінде жасалып жатқан “Қазақтар: ана тілі әлемінде” атты төрт томдық этнолингвистикалық сөздігінің ұстанған классификациялық принциптері негізінде қорғалған диссертациялардың (Ж.Манкеева, С.Сәтенова, Б.Уызбаева, А.Жылқыбаева, Ш.Сейітова, Қ.Ғабитханұлы, Б.Сағын т.б.) және тағы басқа жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулердің практикалық мәні зор. Демек, этнолингвистика – этностың инсандық болмысын һәм дүнияуи табиғатын, оның даму заңдылықтарын басқа емес, тек тіл феномені арқылы танып-білудің ғажайып мүмкіншіліктерінен, яғни “этностаным” мен “тілтаным” арасынан туындаған жаңа да дербес сала. Оның ММ-ге де тікелей қатысы бар.

Шындығында да, этнолингвистиканың негізгі міндеті – халықтың рухани өмірін, салт-дәстүрі мен ұлттық дүниетанымын тіл байлығы арқылы

жан-жақты танып-білу. Әрбір халық тілінің бір ерекшелігі көбінесе сол халықтың даму барысында ғасырлар бойы қордаланып тұрақты тіркес түрінде қалыптасады. Тұрақты тіркестердің бір тобы – ММ-дерде де халық өмірінің сипаты, ұлттық психологиясы т.б. ерекшеліктері көрініс тапқан. Яғни “этнолингвистика – этнос пен оның тілінің сабақтастығын зерттеуден туындаған ғылым саласы”. “Бұл, – дейді академик Ә.Қайдар этнос пен оның тілі арасындағы табиғи тұтастықты саналы түрде сарапқа салып мойындау, “этнос жоқ жерде тіл болмайды, тілсіз этнос болмайды” деген қағиданы нақтылы зерттеуге өзек ету деген сөз” [4].

Осы қағида бойынша, біздің зерттеуіміздің де мақсаты тілдің кумулятивтік қасиеті арқылы атадан балаға мирас болып келе жатқан ММ-дердің этнолингвистика тұрғысынан танымдық қырын зерттеу, олардың ұлттық болмысы мен мазмұнын, сонымен қатар ММ-дердің қоғамда қалыптасқан ауыспалы мағынасын ғана емес, сол мағынаның қалыптасуына негіз болған о бастағы әр алуан уәждерді анықтау болып табылады. Әрине, кез келген ММ-дердің табиғатын этнолингвистикалық тұрғыдан ашып беру, олардың мағынасын терең түсіну оңай мәселе емес. Бұл туралы Ә.Қайдар былай дейді: “... барша тіл байлығына этнос танымы тұрғысынан мағыналық талдау жасау кез келген зерттеушінің қолынан келе беретін іс емес. ... мұның сыры: осыншама тіл байлығын “бір қазақтай-ақ” түсіне білу бар да, сол түсінікті басқаларға айтып, жазып жеткізе білу тағы бар” [5].

Қазақ халқы малдың түрлі ерекшеліктері мен қасиеттерін көрсететін ММ-дерге басқа халықтарға қарағанда бай екені белгілі. Алғашта әр түрлі нысанға қатысты айтылса да, замана талабына сай бертін келе адам бойындағы түрлі қасиеттерге байланысты ауыспалы мағынаға ие болған ММ-дер тілімізде молынан ұшырасады. Жалпы алғанда, тілімізде қолданылатын барлық мақал-мәтелдер өмірде шынайы болған іс-әрекеттердің көрінісі болып табылады. Жеке тұлғаның бойындағы жақсы да, жаман да қасиеттер, үлгі тұтар шынайы мінез бен адами қасиет ауыспалы мағынада астарланып беріліп, мақал-мәтелдің бойынан көрініс табады. Осындай қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігін академик Ә.Қайдар жасады, оны ары қарай жалғастырушы шәкірті ф.ғ.к. Ш.Қарсыбекова ізденісте. Қай ұлт өкілдері болмасын, қазақ мақал-мәтелдерімен мағынасы орайласып, сәйкесіп жатады. Яғни олардың дүниеге келуі о баста малға байланысты болса да, бүгінде бәрі айналып келіп адамға тіреледі, адамның іс-әрекетіне, жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, жақсы-жаман қасиетіне, ішкі-

сыртқы көрінісіне бағышталады. Мысалы: Елімізде (Қазақстанда) кең дами бастаған кәсіпшілердің іс-әрекетін дәріптеуге, жаңа нарықтық қатынастың, шағын кәсіпшілердің шығуына байланысты: 1) (2003 жылдың басында) дүниеге келген: ♪ “*Шағын кәсіп – елге нәсіп*” деген, авторы да белгілі (Қ.Ашанұлы; “Қазақ әдебиеті”, 14-20 наурыз); 2) 2004 жылдың ортасында дүниеге келген ♪ “*Дінсіз өмір – күнсіз өмір*” деген, авторы (Х.Есенғараева; “Ақ жол”, 16-17 шілде) адамның өзіндік ішкі толғанысынан туындап пайда болған ММ.

ММ-дердің туындап, олардың пайда болуына белгілі бір себептер, халықтың көп жылдық тәжірибесі мен тарихы әсерін тигізеді. ММ-дер – халықтың атам заманғы өткен өмір тіршілігі мен бүгінгі болмысын болашағымен жалғастыратын “алтын арқау”; олар – рухани, мәдени салт-дәстүрді жалғастырудың, адамдар санасында, қоғам жадында, тілінде, ділінде сақталуының бірден-бір кепілі. Бұл қазына-байлықтан айрылған этникалық қауым – өзінің өткен өмірінен айрылды деген сөз. ММ-дер – толассыз толығып отыратын өміршең де жанды құбылыс. Олар – ел арасына кең тараған, қазақ халқының жалпы тарихына және нақтылы тарихи тұлғалардың жеке басына, іс-әрекетіне байланысты қалыптасқан көне дүние. Ескі салт-дәстүрлер мен дүниетанымды уағыздау барысында қалыптасуы, олардың “*архаикалық құбылыс*” екендігін айқындай түседі. Керісінше, ММ-дердің бүгінгі заман талабына сай жаңа үлгілері пайда болып, даналық қоры толассыз толығып, бірінің үстіне бірі жамалып, қат-қабат дамуда. Әдетте, ММ-дердің қолданыста жүргендері де, жүрмегендері де тілімізде кездеседі. Жаңадан шығарылған ММ-дер түгел сақталғанымен, белсенді қолданыста жүре бермейді. Бір сөздің бірнеше мағыналас варианттары болуы мүмкін. Белгілі бір сөз өзінің тура номинативті мағынасында екінші бір тіркестерде, сөйлем ішінде ауыспалы мағынада да қолданылады.

ММ-дердің негізгі мағынасы халқымыздың ғасырлар бойындағы өмір тәжірибесінен алынады. Сол ММ-дердің тууына әсер еткен фактор, жағдайлар мен халқымыздың көп жылдық тұрмыс тіршілігінің бір көрінісі оның бастапқы мағынасының өзегі.

Сөз – тілдің ең кіші табиғи бөлшегі болып табылады. Сөз тек атауыш (тура) мағынада ғана қолданыла бермейді. Егер олай болса, сөз өзінің бастапқы атауыш мағынаны білдіруімен ғана шектелер еді. Шын мәнінде, атауыш (тура) мағынадағы сөздер шындық өмірдегі заттар мен

құбылыстарды білдіретін басқа көптеген сөздер мен еркін қарым-қатынасқа түсіп, олармен тіркесіп отырады. Атауыш мағынадағы сөздердің мұндай қарым-қатынасы белгілі бір сөздермен ғана шектелмейді, әр түрлі сипаттағы сөздердің мол тобын қамтып, олармен тіркесімділігін арттырып отырады. Мағына ММ-дердің құрамында тұрып дамиды. ММ-дер екі түрлі бағдарда қолданылады: Біріншісі – тура мағынасы: *“Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ”* болатын болса, ешкімнің бет-жүзіне қарамайды, тура, әділ, шындық айтылады. Екіншісі – ым, ишарат, тұспал арқылы астарлы, ауыспалы мағынада айтылады. Ауыспалы мағынада: билер кешегі қазақ қауымында әділ қазылықтың символы (нышаны), ақиқат-шындықтың қорғаушысы саналды. Туыс-жақындыққа бұра тарту – тура би шешіміне жат қылық, ол туыс-жақынына бүйрегі бұрып, әділдіктен ауытқыған биді халық *“иманы жоқ туғанды би”* деп, қатал айыптап отырған. Мақал идеясы: қазылық айтатын билер (бүгінгі сот, прокурорлар) әрқашан да бұра тартары, бүйрек бұрары жоқ. Зерттей келгенде, ММ-дердің негізгі идеясы – бірінші тура мағынада айтылатын ММ-дермен ұштасып, ұласып жатады. Енді осы құбылысты нақтылы мысалдар негізінде қарастырып көрейік. Мәселен, қазақ тілінде: *“Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілесің”* деген мақал өте жиі қолданылады. Оның абстракты ауыспалы мағынасы да жұртқа мәлім. Ол: (1) *Ұяда* (2) *нені* (3) *көрсен* (4) *ұшқанда* (5) *соны* (6) *ілерсің* деген мағыналық компоненттерден тұрады. Енді осы мағыналық компоненттерінің абстракцияланған ауыспалы мағынасындағы сәйкес компоненттерді анықтап көрейік. Олар:

Ұяда - *“отбасында, шаңырақта, семьяда”*;

нені - *“тәлім-тәрбиені, үлгі-өнегені”* ;

көрсен - *“алсаң”, “үйренсең”*;

ұшқанда - *“есейгенде, ержеткенде, өскенде”*;

соны - *“сол тәлім-тәрбиені, үлгі-өнегені”*;

ілерсің - *“көрсетерсің, істерсің”* болып шығады.

Сонда мақалдың жалпы ауыспалы мағынасы оның о бастағы негізгі мағынасынан тым алшақ емес, *“Отбасында қандай тәлім-тәрбие алсаң, өскенде, ержеткенде соны істерсің”* деген ұғымды береді.

ММ-дердің ауыспалы мағынаға өтуі, оның қандай жағдайда болмасын, айналып келіп, көбіне-көп адамның өзіне, адамдар арасындағы қарым-қатынастарға қатысты баламаға айналу тетігі осылай. Оның этнолингвистік мотивтерін сөзбе-сөз емес, кең түрде түсіндіруге болады. Мәселен, осы

мақалдың ауыспалы мағынасы жалпы түрде отбасындағы бала тәрбиесіне, үлкендердің (ересектердің) жас ұрпақ алдындағы ізгі үлгісіне, өнегелі ісіне бағышталып отыр.

Осы мақалдың үлгісі бойынша басқа мақал-мәтелдердегі мағыналық сәйкестіктерді де көрсетуге болады. Мысалы, *“Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме”* деген мәтелді екі мағыналық компонентке бөліп, оларды:

1) *“Сырын білмеген аттың” – “сырлас болмаған, мінез-құлқын білмеген адамға”;*

2) *“сыртынан жүрме” – “өз сырыңды айтып, бірден ақтарыла салма”* (“оны алдымен біліп ал” демекші) түрінде салыстыра қарауға болады.

“Уызында жарымаған төл оңбас”. Бұл мақалдың негізгі мағынасы өмірі малды бағып-қағып, төлді өсірумен өткен малшы қауымның тәжірибесінен туындап отыр. Бұл арада уыздың (жас төлдеген малдың алғашқы 2-3 күнгі қою сүтінің) [6] жас төл үшін зор мәні ескеріледі. Сонда мынандай (екі деңгейдегі) мағыналық сәйкестікті байқаймыз:

“Уызында жарымаған” – “о бастан ас ішіп, бүйірі шықпаған, ата-анасының мейір-шабхатына жасынан бөленбеген”;

“төл оңбас” – ана сүтін еміп, өспеген “жас бала дұрыс адам бола алмайды”.

Көрсетіп отырғанымыздай, уызында жарымаған төл мен жас баланың арасында логикалық сәйкестік бар.

“Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді”. Мақалдың бастапқы мағынасы малшылар тәжірибесінен алынған. Көшпелі қауым ертеден-ақ майды қарынға салып сақтаған және қарын ішіндегі май ұзақ уақыт бұзылмайтын болған. Ол үшін май таза болу керек. Ал егер бір қарын май ішіне жазатайымда бір құмалақ түсіп кеткен болса, онда ол майды иістендіріп, оның қасиетін жойып жіберетін болған.

Енді, осы тұрмыстағы нақтылы факті негізінде мақалдың мазмұнын жеке-жеке мағыналық компоненттерге бөліп қарастырып, олардың ауыспалы мағыналарын салыстырып қарасақ, былайша болып шығады:

“Бір қарын майды” – “қауымды, ортаны, көпшілікті”

“Бір құмалақ” – “жеке бір (бұзақы, жаман) адам”

“Шірітеді” – “бүлдіреді, бұзады, кесірін тигізеді”.

Осы мағыналық балама негізінде біз бұл мақалды: *“бір жаманның кесірі мыңға тиер”* деген ауыспалы мағынасында қабылдаймыз.

Демек, ММ-дердің о бастағы тәжірибе негізінде қалыптасқан мағынасы мен жүре пайда болған және көбінесе адамның өзіне бағышталған туынды мағына арасында логикалық, мотивтік байланыс бар деген сөз. Зерттей келгенде ММ-дердің негізгі идеясы – бірінші тура мағынада айтылатын ММ-дермен ұштасып, ұласып жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайдар Ә.Т. Этнолингвистика. –Алматы, “Білім және еңбек”, 1985, № 10, 18-22 б.
2. Жанпейісов Е. Этнолингвистика. –Алматы, 1994.
3. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. –Алматы, 1995,178 с.
4. Қайдар А.Т. Основы этнолингвистики. –Алматы, 1995, 15 с.
5. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы, 1998, 18-24 б.
6. Оспанбеков Ж. Шопан сыры. – Алматы, 1980, 18 б